ЖАСМЕД

«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті» РММ төрағасының 2023 ж. «2» наурыз №N061224 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН**

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ (Қосымша парақ)

Саудалық атауы
Жасмед

Халықаралық патенттелмеген атауы
Азитромицин

Дәрілік түрі, дозасы
Ішке қабылдау үшін суспензия дайындауға арналған ұнтақ, 200 мг/5 мл, 15 мл

Фармакотерапиялық тобы
Жүйелі қолдануға арналған микробқа қарсы препараттар. Жүйелі қолдануға арналған бактерияға қарсы препараттар. Макролидтер, линкозамидтер және стрептограминдер. Макролидтер. Азитромицин.
АТХ коды J01FA10

Қолданылуы
Препаратқа сезімтал микроорганизмдерден туындаған инфекциялық-қабыну аурулары:
- жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциялары (мұрынмаңы қойнауларының, жұтқыншақтың, бадамша бездерінің, ортаңғы құлақтың шырышты қабығының қабынуы)
- төменгі тыныс алу жолдарының инфекциялары (бронхит және өкпенің қабынуы)
- жеңіл және орташа ауырлықтағы тері мен жұмсақ тіндердің инфекциялары (түкті фолликуланың, терiастың шелмайының қабынуы, тілме)
- жыныстық жолмен берілетін инфекциялар (несеп-жыныс жолдарының хламидиозын, хламидиялық инфекциядан және гонорея қоздырғышынан туындаған несеп шығару каналының және жатыр мойнының асқынбаған қабынуын қоса).

Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі
Қолдануға болмайтын жағдайлар
- азитромицинге, эритромицинге немесе макролидті және кетолидті антибиотиктерге немесе препараттың басқа компоненттеріне жоғары сезімталдық
- бауыр және бүйрек функциясының ауыр бұзылулары
- фруктоза жақпаушылығының сирек тұқым қуалайтын түрлері, сахараза-изомальтаза тапшылығы немесе глюкоза-галактоза мальабсорбциясы синдромы (құрамындағы сахарозаға байланысты).

Қолданған кездегі қажетті сақтандыру шаралары
Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттер
Жеңіл және орташа бүйрек жеткіліксіздігі бар (шұмақтық сүзілу жылдамдығы 10-80 мл/мин) пациенттерге дозаны түзету қажет емес.
Бауыр жеткіліксіздігі
Жеңіл және орташа айқын бауыр жеткіліксіздігі бар пациенттерге дозаны түзету талап етілмейді

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі
Басқа дәрілік препараттардың азитромицинге әсері
Асқазан сөлінің қышқылдығын азайтатын препараттар (антацидтер): оларды бір уақытта қабылдауға болмайды. Жасмед препаратын антацидті қабылдағанға дейін 1 сағат бұрын немесе қабылдағаннан кейін 2 сағаттан соң қабылдау қажет.
Флуконазол: Жасмед препаратының әсері төмендеуі мүмкін.
Нелфинавир: Жасмед препаратының әсері күшеюі мүмкін.
Рифабутин: рифабутин салдарынан қандағы нейтрофильді лейкоциттер саны төмендеуі мүмкін.
Терфенадин: сирек жағдайларда дәрілік өзара әрекеттесу дамуы мүмкін. *Циметидин:* препараттың әсеріне ықпалы байқалмады.
Азитромицинның басқа дәрілік препараттарға әсері
Эфавиренз: қастауыштың уытты әсері дамуы мүмкін.
Дигоксин және колхицин: олардың әсері күшеюі мүмкін. Жасмед препаратымен емдеу кезеңінде және оны тоқтатқаннан кейін қандағы дигоксиннің жай-күйін, сондай-ақ деңгейін бақылау ұсынылады.
Қанның ұюын төмендететін пероральді препараттар: олардың әсері күшеюі мүмкін, сондықтан Жасмед препаратымен бір мезгілде қолданғанда қанның ұюы көрсеткіштерін (протромбиндік уақыт) анықтау қажет болуы мүмкін.
Циклоспорин: циклоспорин әсерінің айтарлықтай күшеюі байқалады. Оларды Жасмедпен бір мезгілде қолдану қажет болған жағдайда циклоспорин дозасын түзету қажет болуы мүмкін.
Теофиллин: теофиллин әсері күшеюі мүмкін
Триметоприм/сульфаметоксазол: Жасмед препаратының әсеріне ықпал етпейді.
Зидовудин: зидовудин әсері күшеюі мүмкін.
Астемизол, альфентанил: олардың әсері күшеюі мүмкін.
Аторвастатин: бұлшықеттердің бұзылуынан (рабдомиолиз) туындаған ауыр жағдайдың дамуымен аторвастатин әсері күшеюі мүмкін.
Карбамазепин: азитромицин карбамазепиннің әсеріне ықпал етпейді.
Цизаприд: ЭКГ-да өзгерістермен жүрекке импульс жүргізудің бұзылуымен, аритмиямен және жиі жүрек соғу ұстамаларымен дамуы мүмкін.
Цетиризин, диданозиндер (дидезоксинозин), эфавиренц, индинавир: дәрілік өзара әрекеттесулер байқалмады.
Метилпреднизолон: Метилпреднизолон әсеріне айтарлықтай ықпал етken жоқ.
Мидазолам: мидазоламның әсеріне ықпал етken жоқ.
Силденафил: силденафилдің әсеріне ықпал етken жоқ.
Триазолам: триазоламның әсеріне ықпал етken жоқ.
Тетрациклиндер және хлорамфеникол: Жасмед препаратының әсерін күшейтеді.

Арнайы ескертулер
Жоғары сезімталдық: терінің терең қабаттары мен терiастың тіндерінің тығыз, асимметриялы, ауыртпалықсыз ісінуін және тәрідегі және шырышты қабаттардағы бөртпелермен жедел уытты-аллергиялық аурулар, бөртпелер түзілуімен, теріде үлкен жалпақ күлдіреуіктердің және ашық қызыл түсті кең эрозиялардың дамуымен терінің аллергиялық қабынуы сияқты жедел ауыр аллергиялық реакциялар (сирек еліммен аяқталатын) қоса немесе жедел жайылған экзантематозды пустулез, күрделі аллергиялық реакциялар немесе қандағы эозинофилдер санының жоғарылауымен және ішкі ағзалар тарапынан симптомдармен дәрілік ауру сияқты тері реакциялары дамуы мүмкін. Егер аллергиялық реакция дамыса, Жасмед препаратын қабылдауды тоқтату және шұғыл дәрігерге бару керек.
Бауырға уытты әсері: бауырдың өмірге қауіпті, ауыр жедел қабынуы дамуы мүмкін. Көбінесе бұл бұрыннан бауыр ауруы болса немесе бауырға уытты әсер ететін басқа препараттармен бір мезгілде қолданғанда орын алады.
Сарғаюдан, несептің күңгірттенуінен, қан кетуге бейімділіктен немесе ми жұмысының бұзылуынан туындаған тез дамып келе жатқан ауырсыну жағдайымен бауыр жұмысының бұзылуы симптомдары пайда болған кезде Жасмед препаратын қабылдауды тоқтатып, дереу дәрігерге жүгіну қажет.
Қастауыштың уытты әсері: қастауыш препараттарымен бір мезгілде қолданғанда оның уытты әсері дамуы мүмкін.
Жаңа инфекция: зеңдер сияқты сезімтал емес микроорганизмдерден туындаған жаңа инфекцияның белгілері болуы мүмкін. Жағдай жағдайда Жасмед препаратын тоқтату және тиісті емдеуді тағайындау қажет болуы мүмкін.
Клостридиум дифициледен туындаған ішектің жедел қабынуы: бактерияға қарсы препараттармен емдеу ішектің қалыпты флорасын тежейді және клостридиум дифициленің өсуіне әкелуі мүмкін, бұл жиі емес сұйық нәжістен өлімге әкелетін жуан ішектің ауыр қабынуына дейін (препаратты қолданғаннан кейін екі ай ішінде) әртүрлі дәрежедегі ішектің жедел қабынуымен көрініс беруі мүмкін. Жиі сұйық нәжіс пайда болған кезде дереу дәрігерге қаралу керек.
Бүйрек жеткіліксіздігі: бүйрек ауруы бар пациенттерде Жасмед препаратының әсері күшеюі мүмкін.
Жүрек ырғағының бұзылуы: жүрек ырғағының ауыр бұзылулары дамуы мүмкін, бұл өте сирек жағдайларда жүректің тоқтап қалуына әкелуі мүмкін. Жасмедті қолдану кезінде, әсіресе әйелдер мен егде жастағы пациенттерге сақ болу керек, егер оларда мыналар болса:
- жүрекке импульс жүргізудің туа біткен немесе жүре пайда болған бұзылулары (әдеттегіден сирек, жүректің жиырылуы)
- жүрек ырғағына әсер ететін басқа да дәрілік препараттарды, мысалы аритмияға қарсы препараттарды (хинидин, прокаинамид, дофетилид, амиодарон, соталол, цизаприд және терфенадин); психозға қарсы препараттар (пимозид); депрессияға қарсы препараттарды (циталопрам) және басқа да препараттарды (моксифлоксацин және левофлоксацин) бір мезгілде қабылдау
- қанның тұзды құрамының бұзылуы, әсіресе калий мен магнийдің төмендеуі
- өте сирек жүрек жиырылуы, жүрек ырғағының бұзылуы немесе ауыр жүрек жеткіліксіздігі.

Сирек жағдайларда жасмед жататын макролидтер тобының препараттарын қолданғанда жүрек-қантамыр аурулары (аритмия, миокард инфарктісі) еліммен аяқталуы мүмкін.
Бұлшықеттердің патологиялық тез шаршауы (миастения): миастения симптомдарының өршуі және миастения синдромы басталуы мүмкін.
Микобактериялар (*Mycobacterium Avium Complex*) тобынан қоздырғыш тудырған ауруларды балаларда профилактикалық емдеу қауіпсіздігі мен тиімділігі жөнінде деректер жоқ.
Жасмед препараты ауыр аурулары емдеуге жарамсыз.
Қоздырғыш сезімталдығы: препаратты таңдау кезінде қоздырғыштың препаратқа сезімталдығына тест жүргізу қажет болуы мүмкін, себебі пневмококктық инфекциядан туындаған аурулар кезінде азитромициннің тиімділігінің төмендігі жиі байқалды.
Стрептококктық инфекциялар: жұтқыншақтың/бадамша бездің қабынуын емдеу және ірінді стрептококктан туындаған жедел ревматизмдік қызбаның алдын алу үшін пенициллин тиімдірек, бірақ Жасмед препараты ауыз-жұтқыншақта стрептококктық қабыну кезінде де қолданылуы мүмкін.
Мұрын маңы қойнауларының, жұтқыншақтың шырышты қабығының, бадамша бездің, ортаңғы құлақтың қабынуы: Жасмед препараты басқа тиісті препараттар тағайындалмаған жағдайларда ғана тағайындалуы мүмкін.
Тері және жұмсақ тіндердің инфекциялары: жұмсақ тіндердің инфекцияларының негізгі қоздырғышы – стафилококк, азитромицинге жиі төзімді, сондықтан жұмсақ тіндердің инфекцияларын емдеу кезінде қоздырғыштың Жасмедке сезімталдығына алдын ала тест жүргізу қажет.
Инфекция жұқтырған күйік жаралары: Жасмед препараты инфекция жұқтырған күйік жараларын емдеуге қолданылмайды.
Венерологиялық аурулар: жыныстық жолмен берілетін ауруларды емдеу кезінде ем алдында мерезге тест жүргізу қажет.
Неврологиялық немесе психиатриялық аурулар: Жасмед препаратын неврологиялық немесе психикалық бұзылыстары бар пациенттерге тағайындағанда сақтық қажет.
Қант диабеті бар пациенттер үшін ескерту: 5 мл қалпына келтірілген суспензияның құрамында 3,87 г сахароза бар.
Сирек тұқым қуалайтын фруктоза жақпаушылығы, глюкоза-галактоза сіңірілуінің бұзылуы немесе сахараза-изомальтаза жеткіліксіздігі бар пациенттер бұл препаратты қабылдамауы тиіс, себебі оның құрамында сахароза бар.
Жүктілік немесе лактация кезінде
Жүктілік: азитромицинның жүкті әйелдер үшін қауіпсіздігі зерттелген жоқ, сондықтан жүктілік кезінде Жасмед препаратын дәрігердің тағайындауынсыз қолдану ұсынылмайды.
Бала емізу: азитромицинның организмнен ана сүтімен шығарылуы жөнінде жеткілікті деректер жоқ, сондықтан Жасмед препаратын бала емізетін аналарға дәрігердің тағайындауынсыз қолдануға болмайды.
Фертильділігі: жануарларда жүктілік жилігінің төмендеуі байқалды, адамға әсері белгісіз.
Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері
Көру жітілігінің төмендеуі және көрудің бұлыңғырлануы сияқты препараттың ықтималды жағымсыз әсерлерін ескере отырып, автокөлікті басқару және жоғары зейін қоюды қажет ететін жұмыстарды орындау кезінде сақтық қажет.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар
Дозалау режимі
Ересектер: асқынбаған генитальді инфекцияларда (хламидиозда), ұсынылатын бір реттік доза - 1000 мг. Барлық басқа көрсеткіштер үшін Жасмед препаратының жалпы дозасы 1500 мг құрайды, оны үш күн ішінде: күніне бір рет 500 мг - нан қабылдау керек. 1500 мг доза үшін емдеудің басқа баламалы сызбасы 5 күн қабылдауға есептелген: бірінші күні 500 мг-нан және 2-5 күндері 250 мг-нан.
Балалар мен жасөспірімдер (18 жасқа дейін): 1 жастағы және одан үлкен балалар үшін жалпы доза 30 мг/кг құрайды, үш күн бойы күніне бір рет 10 мг/кг-ден немесе бес күн бойы төменде келтірілген ұсынымдарға сәйкес бірінші күні бір реттік 10 мг/кг дозадан бастап, келесі 4 күн бойы күніне 5 мг/кг-ден қабылдау қажет.
Азитромицинді 1 жасқа толмаған балаларда қолдану бойынша шектеулі деректер бар.
3 күн емдеу курсы кезіндегі дозалар (баланың дене салмағын ескере отырып):
10 кг – күніне 2,5 мл-ден 3 күн, 12 кг - күніне 3 мл-ден 3 күн, 14 кг - күніне 3,5 мл-ден 3 күн, 16 кг - күніне 4 мл-ден 3 күн, 17-25 кг - күніне 5 мл-ден 3 күн, 36-45 кг - күніне 10 мл-ден 3 күн, 45 кг-ден артық - күніне 12,5 мл-ден 3 күн.
5 күн емдеу курсы кезіндегі дозалар (баланың дене салмағын ескере отырып):
10 кг – күніне 2,5 мл-ден 1 күн, күніне 1,25 мл-ден 2-5 күн
12 кг - күніне 3 мл-ден 1 күн, күніне 1,5 мл-ден 2-5 күн
14 кг - күніне 3,5 мл-ден 1 күн, күніне 1,75 мл-ден 2-5 күн
16 кг - күніне 4 мл-ден 1 күн, күніне 2 мл-ден 2-5 күн
17-25 кг - күніне 5 мл-ден 1 күн, күніне 2,5 мл-ден 2-5 күн
26-35 кг - күніне 7,5 мл-ден 1 күн, күніне 3,75 мл-ден 2-5 күн
36-45 кг - күніне 10 мл-ден 1 күн, күніне 5 мл-ден 2-5 күн
45 кг –ден артық - күніне 12,5 мл-ден 1 күн, күніне 6,25 мл-ден 2-5 күн.
Балаларда ірінді стрептококктан туындаған фарингитті тиімді емдеу үшін 3 күн бойы 10 мг/кг немесе 20 мг/кг дозаны 500 мг ең жоғары тәуліктік дозамен қолданады. Алайда осы аурудың емдеу үшін және ревматизмдік қызбаның кейінгі профилактикасы үшін алғашқы таңдалатын препарат пенициллин болып қала бермек.

Енгізу әдісі мен жолы
Жасмед пероральді суспензиясын бір реттік тәуліктік доза түрінде беру керек. Суспензияны тамақпен бірге қабылдауға болады.
Суспензия дайындау тәсілі
Құтыны тоңкеріп, бүкіл ұнтақ еркін қозғалғанға дейін оны мұқият шайқаңыз. Қайта тоңкеріңіз, қақпаққа күш түсіре отырып басып, құтыны ашыңыз. Қоса берілген отырған елшеуіш шприцтің көмегімен су қосыңыз: 15 мл құтыға - 10 мл су. Тесілген пластик қақпақты құтының мойнына салыңыз және ол құтының мойнына орнатылғанға дейін басыңыз. Құтыны қақпақпен жабыңыз. Біртекті суспензия алғанға дейін шайқаңыз. Суспензия даңғей заттанбадағы белгіге сәйкес болуы тиіс.
Суспензияны қабылдау
Қақпақты бұрап ашыңыз, өлшеуіш шприцті пластик қақпақтың тесілген тесігіне салыңыз. Құтыны тоңкеріңіз және өлшегіш шприцпен дәрігер тағайындаған препараттың қажетті мөлшерін алыңыз. Өлшеуіш шприцтің көмегімен алынған дозаны қабылдаңыз. Тесілген пластик қақпақты алмай құтының қақпағын жабыңыз. Әрбір қолданғаннан кейін өлшегіш шприцті жуу қажет.
Әрбір қабылдау алдында құтының ішіндегісін біртекті суспензия алғанға дейін мұқият шайқаңыз. Жасмедті қабылдағаннан кейін, ауыз қуысында қалған суспензияның шайылып, жұтып қою үшін балаға бірнеше жұтым су береді.

Артық дозаланған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар
Симптомдары: әдеттегі ұсынылған дозаларды қабылдаған кезде байқалатын жағымсыз реакциялар.
Емі: дереу дәрігерге қаралу керек, себебі асқазанды шаю, белсендірілген көмір қабылдау, ал қажет болғанда басқа да емдік іс-шаралар жүргізу қажет болуы мүмкін.

Дәрілік препараттың қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкерге кеңес алу үшін хабарласу ұсынылады

ДП стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар
Өте жиі
- суйық нәжіс, іштің ауыруы, жүрек айнуы, ішекте газ түзілуінің жоғарылауы.

Жиі
- бас ауыруы, бас айналу, ауыздың темір татуы немесе қышқыл дәм түріндегі дәм сезудің бұзылуы, сондай-ақ ашыту сезімі, ашыту, шаншу, шымылдату сезімімен сезімталдық бұзылыстары, көру қабілетінің бұзылуы, шаршау
- құсу, тәбеттің толық болмауы, іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну немесе жайсыздық (диспепсия)
- лимфоциттер санының азаюы, эозинофилдер санының артуы, қандағы бикарбонат деңгейінің төмендеуі
- терінің қышынуы, бөртпе
- буындардың ауыруы.

Жиі емес
- кандидоз, қынаптық инфекция, өкпенің қабынуы, зеңдік инфекция, бактериялық инфекция, жұтқыншақтың қабынуы, асқазан-ішек жолының қабынуы, тыныс алудың бұзылуы, мұрын шырышты қабығының қабынуы, ауыз қуысының кандидозы
- қандағы лейкоциттер, нейтрофилдер санының төмендеуі
- тері мен тәрiастың тіндерінің терең қабаттарының тығыз, асимметриялы, ауыртпалықсыз ісінуі, дәрілік препарат жоғары сезімталдық
- күйгелектік, үйқышылдық, үйқысыздық, гипестезия
- есту қабілетінің бұзылуы, құлақтың шуылдауы
- жүрек соғуы, ауа жетіспеу сезімі, мұрыннан қан кету
- іш қату, гастрит, гепатит
- тәрідегі және шырыштардағы бөртпелері бар жедел уытты-аллергиялық ауру (Стивенс-Джонсон синдромы), терінің күн сәулесіне қабыну реакциясы, күйіктен болатын күлдіреуіктерге ұқсас тез өршитін, қатты қышитын, тәрідегі бозғылт-қызғылт күлдіреуіктер (есекжем)
- ауырсыну жай-күйі, дімкәстік, кеуденің ауыруы
- қандағы бауыр ферменттерінің, АСТ, АЛТ, билирубин, мочевина, креатинин деңгейінің жоғарылауы, қандағы калий деңгейінің бұзылуы.

Сирек
- қозу, тепе-теңдіктің бұзылуы (вертиго)
- бауыр функциясының бұзылуы
- ірінді бөртпе (жедел жайылған экзантематозды пустулез) түрінде жедел жайылған тері реакциясы (әдетте дәрі қабылдауға), эозинофилдер санының артуымен және ішкі ағзалар тарапынан симптомдармен дәрілік ауру.

Белгісіз
- клостридиум дифициледен туындаған жедел қабыну ішек ауруы
- тромбоциттер санының азаюы, қан жасушаларының мерзімінен бұрын бұзылуынан туындаған қан аздығы
- өмірге қауіпті жедел ауыр аллергиялық реакция
- озбырлық, үрейлену, естен тану, құрысулар, психоморторлық белсенділіктің жоғарылауы, иіс сезудің жоғалуы, дәм сезе алмау, иіс сезу иллюзиясы, бұлшықеттердің патологиялық тез шаршағыштық ауруы (миастения гравис)
- жүрек ырғағының өмірге қауіпті ұстама тәрізді бұзылуы, жиілеуін қоса жүрек ырғағының бұзылуы, сирек жүректің жиырылуы, электрокардиограммада QT аралығының ұзаруы
- қан қысымының төмендеуі
- үйқы безінің қабынуы, тілдің түссіздену
- оның жұмысының бұзылуымен өтетін бауырдың ауыр қабынуы (сирек жағдайларда өліммен аяқталған), жасушаларының бұзылуымен және жалпай қырылуымен бауырдың қабынуы, ішекке өт бөлінуінің бұзылуынан туындаған терінің сарғаюы (холестаздық сарғаю)
- сүйықтыққа толы көпіршіктердің түзілуімен терінің ауыр аллергиялық зақымдануы (уытты эпидермальді некролиз), нысана тәрізді бөртпелердің түзілуімен терінің қабыну реакциясы (мультиформалы эритема)
- жедел бүйрек жеткіліксіздігі, олардың функциясының бұзылуына әкелетін бүйрек ауруы.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттарға тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей жүгіну қажет
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Қосымша мәліметтер
Дәрілік препараттың құрамы
5 мл дайын суспензияның құрамында
белсенді зат – 209.62 мг азитромицин дигидраты (200,0 мг сусыз азитромицинге баламалы),
қосымша заттар: сахароза, сусыз натрий фосфаты, гидрокси-пропицеллюлоза, ксантан шайыры, банан хош иістендіргіші, құлпынай хош иістендіргіші.
Сыртқы түрінің иісінің, дәмінің сипаттамасы
Банан-құлпынай иісі бар өте ұсақталған ақшылдау ұнтақ

Шығарылу түрі және қаптамасы
Препарат тығыздағыш полиэтилен дискісі бар полиэтилен қақпақпен бұралып жабылатын көлемі 15 мл суспензия дайындауға жеткілікті сыйымдылықтағы III типті (ЕФ*) қызғылт-сары шыныдан жасалған құтыға салынады.
1 құтыдан және өлшегіш шприцтен медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау мерзімі
Сақтау мерзімі 5 жыл
Дайын суспензияның сақтау мерзімі 10 тәуліктен аспайды.
Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары
Жарықтан қорғалған жерде, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Дайын суспензия 25 °С-ден аспайтын температурада сақталады.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары
Рецепт арқылы

Өндіруші туралы мәлімет
Laboratorios Lesvi, S.L.,
Барселона даңғылы 69, Сант Жоан Деспи, 08970 Барселона, Испания,
тел: +34 934 759 600
Эл. пошта: contact-lesvi@lesvi.com

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы
Belinda Laboratories LLP,
Блок 18, Норман Роуд 53, Гринвич Центр Бизнес Парк, Лондон, SE10 9QF, Ұлыбритания,
Тел: +44-203-598-2050
Эл. пошта: info@belinda.uk.com

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Cepheus Medical» (Цефей Медикал) ЖШС:
050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Панфилов к-сі 98, «OLD SQUARE» БО,
телефон: +7 (727) 300 69 71, +7 777 175 00 99 (тәулік бойы),
электронды пошта: drugsafety@evolet.co.uk